

|                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|--------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                      | <p>Бағдарламаның нормативтік базасын әзірлеу және бекіту.</p> <p>Оны іске асыру бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын анықтау және талқылау</p> <p><b>2023-2024 оқу жылдар- II кезең</b></p> <p>Бағдарламаны жүзеге асыру</p> <p><b>2025-2026 жылдар- III кезең</b></p> <p>Бағдарламаны жүзеге асыру барысындағы нәтижелерді жинақтау, сараптама жасау, талдау, нақты ұсыныстар енгізу. Нәтижелерді рәсімдеу және қорытындылау. Озат тәжірибе жетістіктерін енгізу. Бағдарламаның жүзеге асырылуына қорытынды жасау.</p>                               |
| <b>Бағдарламаның негізгі мақсаты</b> | <p>1. Мектептің одан әрі дамуының басымдықтарын анықтау;</p> <p>2. Мектептің білім беру жүйесін жаңғыртуда мақсатты сипатты қамтамасыз ету бойынша білім беру кеңістігі субъектілерінің қызметін үйлестіру, күш-жігер мен ресурстарды шоғырландыру үздік әлемдік практикаға сәйкес келетін гимназияны дамыту;</p> <p>3. Білім беру саласының әлеуметтік-мәдени мәселелерін шешу және экономикалық өсуге білім берудің тиісті үлесін қамтамасыз ету;</p> <p>4. Мектепте білім беруді дамытудың жергілікті бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз құру</p> |
| <b>Бағдарлама міндеті</b>            | <p>1. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.</p> <p>3. Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету.</p> <p>4. Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу.</p> <p>6. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.</p> <p>7. Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарактандыру.</p>          |
| <b>Нысаналы индикаторлар</b>         | <p>1. 5-6 жас аралығындағы балаларды 100 % қамту.</p> <p>2. PISA (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) халықаралық зерттеуіндегі 15 жастағы қазақстандық оқушылардың нәтижелері – математика – 480 балл, оқу – 450 балл, ғылым және жаратылыстану – 490 балл.</p> <p>3. Қазақстан Республикасындағы балалардың әл-ауқаты индексі – 0,73 балл.</p>                                                                                                                                                                           |
| <b>Бақылауды ұйымдастыру жүйесі</b>  | <p>педагогикалық және ғылыми-әдістемелік кеңес, ғылыми-практикалық конференциялар, әртүрлі деңгейдегі ғылыми-әдістемелік семинарлар, мектептің шығармашылық есептері деңгейінде бағдарламаның негізгі бағыттарын орындау бойынша есептік ақпарат ұсыну</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                           |